

Байғанин ауданында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидаларын бекіту туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 11 тамыздағы № 163 қаулысы

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 4-тармағының 6) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 24212 болып тіркелген) сәйкес, Байғанин ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Байғанин ауданында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Утаров

Байғанин аудандық әкімдігінің
қаулысына қосымша

Байғанин ауданында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Байғанин ауданында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 бұйрығына сейкес әзірленген және жинақталу нормаларын есептеу тәртібін айқындайды.

2. Коммуналдық қалдықтар деп мынадай тұтыну қалдықтары түсініледі:

1) өзгелермен қатар қафаз бен картонды, шыныны, металдарды, пластмассаны, органикалық қалдықтарды, сүректі, тоқыманы, қаптаманы, пайдаланылған электр және электрондық жабдықтарды, батареялар мен аккумуляторларды қоса алғанда, үй шаруашылықтарының аралас қалдықтары мен бөлек жиналған қалдықтары;

2) егер аралас қалдықтар және басқа көздерден бөлек жиналған қалдықтар өзінің сипаты мен құрамы бойынша үй шаруашылықтарының қалдықтарына ұксас болса, осындай қалдықтар.

Коммуналдық қалдықтарға өндіріс, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық аулау, септиктер мен көріз желілері, сондай-ақ сарқынды судың тұнбасын қоса алғанда, тазарту құрылышжайлары қалдықтары, пайдаланудан шығып қалған көлік құралдары немесе құрылыш қалдықтары кірмейді.

Тұтыну қалдықтарына адамның тыныс-тіршілік әрекеті нәтижесінде түзілген қалдықтар, өзінің тұтыну қасиеттерін толық немесе ішінара жоғалтқан өнімдер және (немесе) бұйымдар, олардың қаптамасы және агрегаттық жай-күйіне қарамастан жарамдылық не пайдалану мерзімі біткен, сондай-ақ меншік иесі өз бетінше физикалық түрде құтылған не тұтыну қалдықтарының қатарына құжатпен аударған өзге де заттар немесе олардың қалдықтары жатады.

3. Коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрауыштары (электрондық және электр жабдықтар, құрамында сынап бар қалдықтар, батарейкалар, аккумуляторлар және өзге де қауіпті құрамдастар) бөлек жиналуға және арнайы бейімделген кәсіпорындарға қалпына келтіруге берілуге тиіс.

2-тaraу. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу тәртібі

4. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары тұрғын үй қорының барлық объектілері, тұрғын емес үй-жайлар үшін жеке-жеке белгіленеді.

5. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес тұрғын үй қорының барлық объектілері үшін және тұрғын емес үй-жайлар бойынша анықталады.

6. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары кейіннен есептік бірлікке жинақталу көлемін кейін есептей отырып, заттай өлшеу жүргізу жолымен анықталады.

7. Заттай өлшеулер жүргізу үшін көріктендіру әртүрлі деңгейі бар екі үлгідегі тұрғын үй қорының объектілері бөлінеді:

1) тұтынушыларға коммуналдық қызметтерді ұсыну үшін пайдаланылатын үйішілік инженерлік коммуникациялары мен жабдықтары бар жайлы тұрғын үй;

2) тұтынушыларға коммуналдық қызмет көрсету үшін пайдаланылатын үйішілік инженерлік коммуникациялары мен жабдықтары жоқ жайлы емес тұрғын үй.

8. Астрахан ауданының тұрғындарынан түзілетін коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын анықтау үшін әрбір абаттандыру түрі бойынша тұрғындардың жалпы санынан халықтың 2%-ын қамтитын участекелер бөлінеді.

9. Таңдал алынған объектілерде өлшеу жүргізу алдында жергілікті атқарушы органдар коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын

ұйымдармен бірлесіп, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша тұрғын қоры мен тұрғын емес үй-жайлардың коммуналдық паспортын жасайды.

10. Тұзілген және жинақталған коммуналдық қалдықтардың массасы мен көлемін анықтау үшін өлшеу сызғышы мен салмақ өлшеу жабдығы пайдаланылады.

11. Өлшеу алдында контейнердегі қалдықтар коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын ұйыммен теңестіріледі және өлшеу сызғышының көмегімен қалдықтардың көлемі анықталады.

12. Жинақталған қалдықтардың массасы толтырылған контейнерлерді өлшеу және коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын ұйымның бос контейнердің массасын одан әрі шегеру жолымен айқындалады.

13. Бір участкеде тұзілген және жинақталған қалдықтардың жалпы көлемі арнайы техниканың (қоқыс тасығыштың) шанағын толтырған және басқа участекелерден қоқысты тиесін мүмкін болмаған кезде, қалдықтардың массасын қоқыс тиелген және бос машиналарды автомобиль таразысында өлшеу жолымен анықтауға жол беріледі.

14. Тұзілген және жинақталған қалдықтардың массасы мен көлемі жөніндегі деректерді жергілікті атқарушы орган Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бастапқы жазба бланкісіне енгізеді.

15. Өлшеу бойынша бастапқы материалдарды өндегеннен кейін әрбір обьектінің алынған деректері (массасы, көлемі) аптаның күндері бойынша қосылады және жергілікті атқарушы орган Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммуналдық қалдықтардың тұзілуі мен жинақталуының жиынтық маусымдық ведомосына енгізеді.

16. Маусымдық өлшеулер жүргізілгеннен кейін жергілікті атқарушы орган осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммуналдық қалдықтардың тұзілуі мен жинақталуының жиынтық жылдық ведомосына деректерді (масса, көлем) енгізеді.

17. Белгілі бір обьекті бойынша өлшеу болжанып отырған коммуналдық қалдықтарды жинағанда басқа обьектілердің коммуналдық қалдықтары араласып кетпеуге.

18. Қалдықтардың жинақталуын анықтаған кезде бірдей сыйымдылықтағы стандартты контейнерлер пайдаланылады. Қалдықтарды барынша толық есепке алу және біркелкі емес тұзілу мен жинақталу коэффициентін анықтауға қосымша контейнерлер орнату көзделеді, оларды орнату қажеттілігі мен олардың саны тандап алынған участекелерді тексерген кезде нақтыланады.

Барлық контейнерлер толығымен тазалануы керек:

1) күн сайын әкету кезінде – өлшеу басталғанға дейін бір тәулік бұрын;

2) кесте бойынша әкету кезінде күн сайын – кесте бойынша әкетудің соңғы күні өлшеу аптасының алдында.

19. Өлшеу басталғанға дейін бір тәулік бұрын коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығаруды жүзеге асыратын ұйым барлық контейнерлерді толық тазартуы тиіс.

20. Өлшеу бойынша бастапқы материалдарды өндөу олар жүргізілгеннен кейін келесі күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

3-тарау. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу

21. Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу былайша жүргізіледі:

1) бір тәулікте объектіде коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған бір контейнерде түзілген және жинақталған қалдықтардың көлемін анықтау ($V_{\text{конт}}, \text{M}^3$):

$$V_{\text{конт}} = h * S$$

мұндағы h - контейнердің түбінен бастап жинақталған коммуналдық қалдықтардың жоғарғы нүктесіне дейінгі биіктік, м;

$$S - \text{контейнер түбінің алаңы, } \text{m}^2;$$

2) контейнерлік аланда коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жалпы көлемін анықтау ($V_{\text{тәу}}, \text{m}^3$), егер контейнерлік аланда коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған контейнерлердің саны бірден артық болса:

$$V_{\text{тәу}} = V_{\text{конт1}} + V_{\text{конт2}} + V_{\text{конт3}} \dots$$

мұндағы $V_{\text{конт1}}, V_{\text{конт2}}, V_{\text{конт3}}$ – контейнерлік аланда орналасқан әрбір контейнер бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының тәуліктік көлемі. Есептеу контейнерлік аланда орналасқан контейнердің санына байланысты жүргізіледі;

3) коммуналдық қалдықтарды жинақтауға арналған контейнерде жинақталған коммуналдық қалдықтардың тәуліктік массасын анықтау ($m_{\text{конт}}, \text{кг}$) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$m_{\text{конт}} = m_3 - m_{\text{п}}$$

мұндағы m_3 – қалдықтар тиелген контейнердің массасы, кг;

$m_{\text{п}}$ – қалдықтардан бос контейнердің массасы, кг;

4) объектіде түзілген коммуналдық қалдықтардың тәуліктік массасын анықтау ($m_{\text{тәу}}, \text{кг}$) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$m_{\text{тәу}} = m_{\text{конт1}} + m_{\text{конт2}} + m_{\text{конт3}} \dots$$

мұндағы $m_{\text{конт1}}, m_{\text{конт2}}, m_{\text{конт3}}$ – контейнерлік аланда орналасқан әрбір контейнер бойынша коммуналдық қалдықтардың тәуліктік массасы. Есептеу контейнерлік аланда орналасқан контейнерлердің санына байланысты жүргізіледі;

5) өлшеулер контейнерлік алаңнан қалдықтарды шығарғанға дейін тәуліктің бір уақытында жүргізіледі. Өлшеулерді жүргізу кезеңі: жеті күн (үзіліссіз).

Өлшеулерді жүргізу мерзімдері: қыс-желтоқсан, қантар, ақпан; көктем-наурыз, сәуір, мамыр; жаз-маусым, шілде, тамыз; күз-қыркүйек, қазан, қараша.

Маусымдық кезең ішінде объектіде түзілген коммуналдық қалдықтардың көлемін анықтау (V_{mayc} , м³) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$V_{\text{mayc}} = V_{\text{тәу1}} + V_{\text{тәу2}} + \dots + V_{\text{тәу7}}$$

мұндағы $V_{\text{тәу1}}, V_{\text{тәу2}}$ – белгілі бір маусымда әр тәулік ішінде объектіде пайда болған коммуналдық қалдықтардың көлемі;

6) маусымдық кезең ішінде объектіде пайда болған коммуналдық қалдықтардың көлемін анықтау (m_{mayc} , кг) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$m_{\text{mayc}} = m_{\text{тәу1}} + m_{\text{тәу2}} + \dots + m_{\text{тәу7}}$$

мұндағы $m_{\text{тәу1}}, m_{\text{тәу2}}$ – белгілі бір маусымда тәулік ішінде объектідегі коммуналдық қалдықтардың массасы;

7) объектіде коммуналдық қалдықтардың түзілу көздерінің санынан коммуналдық қалдықтардың орташа маусымдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша ($V_{\text{тм}}$, м³):

$$V_{\text{тм}} = V_{\text{mayc}} / (nxa)$$

массасы бойынша (ттм, кг):

$$m_{\text{тм}} = m_{\text{mayc}} / (nxa)$$

мұндағы n – маусымдық кезең ішінде бақылау тәулігінің саны;

a – есептік бірліктің саны.

8) объектіде есептік бірлікке коммуналдық қалдықтардың тәуліктік орташа жылдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша ($V_{\text{том}}$, м³):

$$V_{\text{том}} = (V_{\text{ктм}} + V_{\text{ктм}} + V_{\text{жтм}} + V_{\text{кутм}}) / n$$

массасы бойынша ($m_{\text{том}}$, кг):

$$m_{\text{том}} = (m_{\text{ктм}} + m_{\text{ктм}} + m_{\text{жтм}} + m_{\text{кутм}}) / n$$

мұндағы жоғарғы индекстер "к", "к", "ж", "ку" – қыста – "қ", көктемде – "к", жазда – "ж", күзде "ку" – есептік бірлікте тиісінше қалдықтар пайда болуының тәуліктік орташа маусымдық нормативтерін білдіреді;

n – қалдықтар пайда болған маусымның саны ($n=4$).

9) Объектіде есептік бірлікте коммуналдық қалдықтардың пайда болуымен жинақталуының жылдық нормасын анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша ($V_{\text{ж}}$, м³):

$$V_{\text{ж}} = V_{\text{тожж}} n_k$$

массасы бойынша ($m_{ж}$, кг):

$$m_{ж} = m_{тож} \times n_k$$

мұндағы n_k – жылдағы күннің саны.

22. Коммуналдық қалдықтардың орташа тығыздығын анықтау, коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының маусымдық және тәуліктік біртекті емес коэффициентін анықтауға қосымша мынадай есеп жүргізіледі:

1) коммуналдық қалдықтардың орташа тығыздығын анықтау ($g_{ор}$, кг/м³) мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$q_{cp} = m/V,$$

мұндағы m және V - есептік бірлікте тиісінше массасы мен көлемі бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жылдық немесе орташа маусымдық нормативтері;

2) коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының маусымдық біртекті емес коэффициентін ($k_{бe}$) анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша:

$$K_{бe} = V_{ом}/V_{ж}$$

массасы бойынша:

$$K_{бe} = m_{ом}/m_{ж}$$

3) коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының тәуліктік маусымдық біртекті емес коэффициентін анықтау мынадай формула бойынша жүргізіледі:

көлемі бойынша:

$$K_{мбe} = V_{max.тэу.}/V_{ом}$$

мұндағы $V_{max.тэу.}$ – маусымда объектідегі коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының ең жоғарғы тәуліктік көлемі, м³

массасы бойынша:

$$k_{ch} = m_{maxтэу.}/m_{ом}$$

мұндағы $m_{max.тэу.}$ – маусымда объектідегі коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының ең жоғарғы тәуліктік массасы, кг.

23. Накты және есептік жылдық көлемді салыстыру үшін коммуналдық қалдықтардың пайда болуы мен жинақталуының есептік бірлікте белгіленген жылдық нормативтері есептік бірліктің санына көбейтіледі. Алынған коммуналдық қалдықтардың түзілуінің есептік жылдық көлемінің айырмасы олардың дәл сол объектіде бір жыл ішінде накты жинақталуының бес пайзынан аспауға тиіс. Есепті

және нақты деректерде бес пайыздан артық айырма болған жағдайда коммуналдық қалдықтардың түзілуінің сараланған нормативтері олар түзілетін негізгі объектілер бойынша талап етілген қателіктермен нәтижеге шыққанға дейін түзетіледі.

Байғанин ауданында
коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу
нормаларын есептеудің
қағидаларына 1-косымша

Тұрғын үй қоры мен тұрғын емес үй-жайлар объектілерінің түрлері

| № | Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер | Есептік бірлік |
|----|---|--------------------------------|
| 1 | Жайлы және жайлы емес үйлер | 1 тұрғын |
| 2 | Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар | 1 орын |
| 3 | Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері | 1 орын |
| 4 | Балабакшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер | 1 орын |
| 5 | Мекемелер, ұйымдар, офистер, кенселер, банктер, байланыс бөлімшелері | 1 қызметкер |
| 6 | Емханалар, медициналық орталықтар | 1 келіп кету |
| 7 | Аурұханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері | 1 төсек-орын |
| 8 | Мектептер және өзге де оку орындары | 1 оқушы |
| 9 | Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көніл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері | 1 отыратын орын |
| 10 | Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар | 1 отыратын орын |
| 11 | Мұражайлар, көрмелер | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 12 | Стадиондар, спорт алаңдары | Жоба бойынша 1 орын |
| 13 | Спорт, би және ойын залдары | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 14 | Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер | сауда алаңы 1 м ² |
| 15 | Машиналардан сату | сауда орнының 1 м ² |

| | | |
|----|--|------------------------------|
| 16 | Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер | Сауда алаңы 1 м ² |
| 17 | Өнеркәсіптік, азық-тұлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 18 | Тұрмыстық қызмет корсету үйі: халыққа қызмет көрсету | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 19 | Вокзалдар, автовокзалдар, өзежайлар | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 20 | Жағажайлар, жолдардан көше сметалары | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 21 | Дәріханалар | Сауда алаңы 1 м ² |
| 22 | Автодұрактар, автомобильді жуу орындары, АЖС | 1 машина-орын |
| 23 | Автомобиль шеберханалары | 1 жұмысшы |
| 24 | Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер | 1 гаражға |
| 25 | Шаштараздар, косметикалық салондар | 1 жұмыс орны |
| 26 | Kір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательєсі | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 27 | Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 28 | Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.) | 1 жұмыс орны |
| 29 | Моншалар, сауналар | Жалпы алаңы 1 м ² |
| 30 | Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын занды, саябақ қалдықтары | 1000 қатысушы |
| 31 | Бау-бақша кооперативтері | 1 участке |

Байганин ауданында
коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу
нормаларын есептеудің
қагидаларына 2-қосымша

Нысан

Тұрғын үй қоры обьектісінің коммуналдық паспорты

Елді мекен, аудан, облыс _____

1. Мекенжайы _____

2. Қабаттылығы _____

3. Үйдің нөмірі _____

4. Тұрып жатқан адамдардың саны, адам _____

5. Жайлыштың деңгейі: _____

а) су құбырының, газдың, кәріздің болуы _____

б) жылу беру түрі (орталықтан, пешпен, жергілікті) _____

в) отынның түрі - көмір (тас көмір, қоңыр темір), ағаш отын, газ _____

г) қоқыс құбырының болуы _____

д) аула аумағының алаңы, м² _____

жасыл екпелер бар _____

жабыны қатты _____

оның ішінде жаяусоқпақтар _____

6. Контейнерлердің түрі, олардың саны және сыйымдылығы _____

7. Қалдықтарды шығару кезеңділігі _____

8. Тамақ қалдықтары мен қайталама шикізатты бөлек жинау жүргізіле ме (қандай және қанша)

9. Қайталама шикізатты шығару кезеңділігі _____

10. Тамақ қалдықтарын шығару кезеңділігі _____

11. Қауіпті қалдықтарды бөлек жинау жүргізіле ме (қандай және қанша фракция)

Қолдары:

Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы

Нысан

Тұрғын емес үй-жайлар объектілерінің коммуналдық паспорты

Елді мекен, аудан, облыс _____

1. Объектінің атауы _____

2. Мекенжайы _____

3. Жапсарлас салынған немесе жеке тұрған (соңғысының қабатын көрсету қажет)

4. Есеп айрысу бірліктерінің саны (қызметкерлер және т. б.) _____

5. Тәулігіне өткізу қабілеті: _____

ойын-сауық кәсіпорындары үшін (орын саны) _____

қоғамдық тамақтану кәсіпорындары үшін (тағам түрі) _____

6. Қызмет көрсететін персоналдың саны, адам _____

7. Үй-жайдың жалпы алаңы, м² _____

сауда алаңы _____

қоймалық және қосалқы алаң _____

8. Аула аумағының алаңы, m^2 _____
 жасыл екпелер бар _____
 жабын қатты _____
9. Контеинерлердің типі, олардың саны және сыйымдылығы _____
10. Қалдықтарды шығару кезеңділігі _____
11. Тамақ қалдықтары мен қайталама шикізатты бөлек жинау жүргізіле ме (қандай және қанша)
12. Қайталама шикізатты шығару кезеңділігі _____
13. Тамақ қалдықтарын шығару кезеңділігі _____
14. Қауіпті қалдықтарды бөлек жинау жүргізіле ме (қандай және қанша фракция)

Қолдары:

Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы

Байғанин ауданында
 коммуналдық қалдықтардың
 түзілу және жинақталу
 нормаларын есептеудің
 қағидаларына З-қосымша
 Формасы

Бастапқы жазба бланкісі

(күні)

объектісі бойынша

(атауы, мекенжайы)

| Контеинердің p/c № | Жиналған қалдықтар қабатының білктігі, h, м | Контеинер негізінің алаңы, S, m^2 | Контеинердегі қалдықтардың нұқтесі, V, h $*S, m^3$ | Қалдықтар тиелген контеинердің массасы (коқыс тасығыш), m^3 , кг | Б о с контеинердің массасы (коқыс тасығыш), m_n , кг | Контеинердегі қалдықтардың массасы, m_k оңт, $m^3 - m_n$ |
|------------------------------|--|---|---|---|--|---|
| 1 | | | | | | |
| 2 | | | | | | |
| ... | | | | | | |
| Тәулік ішіндегі жинысы | | | V_{tay} | | | M_{tay} |

Байғанин ауданында
 коммуналдық қалдықтардың

түзілу және жинақталу
нормаларын есептеудің
кағидаларына 4-көсімша

Нысан

Объектілердің топтары бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу мен жиналудының жиынтық айлық (маусымдық) ведомосі

20_жылғы ____ бастап ____ дейін

Жайлылық типі

Колдары

Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы

Байганин ауданында
коммуналдық қалдықтардың
түзілу және жинақталу
нормаларын есептеудің
кағидаларына 5-көсімша

Нысан

Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуының жиынтық жылдық ведомосі

Жайлыштық типі

| Объект | Ай | Өлшен етін бірліктің саны | Қалдықтардың жиналуды | | | | Біртекті емес коэффициент | | Бөлек жинау, кг | | | |
|--------|----|---------------------------|-----------------------|----|----------------------|----|---------------------------|----|-----------------|----|----------------------|----|
| | | | жалпы | | өлшенетін 1 бірлікке | | | | жалпы | | 1 өлшенетін бірлікке | |
| | | | м ³ | кг | м ³ | кг | м ³ | кг | м ³ | кг | м ³ | кг |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |

Барлығы _____

Тәулігіне орташа _____

Колдары _____

Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК